

№3 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ХАТТАМАСЫ

Мектепке дейінгі ұйым: «Еркемай» балабақшасы

Өткізу күні: «22» қаңтар 2025 жыл

Қатысқан педагогтардың саны: 10 педагог

Тақырыбы: Мектепке дейінгі білім беруде жаңа технологияларды қолдану арқылы мектеп жасына дейінгі балалардың креативті қабілеттерін дамыту

Күн тәртібі:

1. №2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы
2. Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жағдайын анықтау, салыстырмалы бақылау
3. Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі
4. «Шығармашылық апталығы» бойынша педагогтардың жұмыс нәтижесі
5. Тренинг «Бояулардың адам санасына әсері»
6. Топтық жоба дайындау және қорғау «Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту»
7. Өртүрлі мәселелер

1-Мәселе

№2 педагогикалық кеңес шешімінің орындалуы

Тыңдалды: Әдіскер Едильбаева Б.А. №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу барысы туралы есеп беріп, талқыланды. Педагогтардың ұсыныстары мен жетістіктері қаралды.

2-Мәселе

Топтардағы балалардың балабақшаға қатысуы, денсаулық жағдайын анықтау, салыстырмалы бақылау

Тыңдалды: меңгерушісі Амирова Г.Х.

Мазмұны: Балалардың балабақшаға қатысу белсенділігі мен денсаулық жағдайы туралы салыстырмалы талдау жүргізілді. Қысқы маусымда аурушандықтың көтерілуі байқалып, оның алдын алу шаралары талқыланды. Балалардың сабаққа келу деңгейі өткен жылмен салыстырылып, негізгі өзгерістер атап өтілді. Жыл басынан бері кейбір топтарда келушілер саны тұрақты болғанымен, маусымдық вирустарға байланысты қатысу көрсеткішінде төмендеу байқалды. Бұл жағдайды жақсарту үшін санитарлық-гигиеналық талаптарды күшейтіп, ата-аналармен тығыз байланыс орнату қажет. Сондай-ақ, балалардың иммунитетін нығайту мақсатында дәрумендендіру, белсенді қозғалыс ойындарын көбейту және алдын алу шараларын жүргізу маңызды. Барлық педагогтер осы мәселеге ерекше назар аударып, балалардың денсаулығын қадағалауды жалғастыруы тиіс.

3-Мәселе

Педагог кадрлардың жарты жылдық жұмыс есебі

Тыңдалды: Педагогтар

Мазмұны: Педагог кадрлардың жарты жылдық қызметінің есебі тыңдалды. Жетістіктер мен мәселелер сараланды.

Тыңдалды:

Әдіскер мониторинг нәтижелерін таныстырды.

Мониторинг барысында балалардың физикалық, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдылары бағаланды.

Нәтижелер бойынша:

- Жоғары деңгей – 87%
- Орта деңгей – 13%
- Төмен деңгей – 0%

Балалардың көпшілігі күтілетін нәтижелерге қол жеткізген. Төмен көрсеткіш көрсеткен балалармен жеке түзету жұмыстары жүргізілген.

4-Мәселе

«Шығармашылық апталығы» бойынша педагогтардың жұмыс нәтижесі

Тындалды:

Әдіскер Едильбаева Б.А. педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру, кәсіби шеберлігін жетілдіру, инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу және тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесін анықтау үшін жылдық жоспарға сәйкес бөбекжайда «Шығармашылық апталығы» ұйымдастырылды. Апталыққа барлық педагогтер белсенді қатысып, өздерінің кәсіби тәжірибелерін ортаға салды.

5-Мәселе

Тренинг «Бояулардың адам санасына әсері»

Тындалды: тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна «Бояулардың адам санасына әсері» тақырыбында тренинг өткізді. Тренинг барысында бояулардың адам эмоцияларына, мінез-құлқына және танымдық қызметіне ықпалы туралы ғылыми деректер қарастырылды. Өртүрлі түстердің психологиялық ерекшеліктері мен олардың мектепке дейінгі балалардың дамуындағы рөлі талқыланды. Сондай-ақ, топтық жұмыс барысында педагогтер балалардың шығармашылық қабілетін дамытуда түстерді тиімді қолдану жолдары туралы тәжірибе алмасты. Педагогтер түстерді оқу-әдістемелік жұмыстарда қолдану арқылы балалардың эмоциялық күйіне әсер етуге болатынын атап өтті. Әсіресе, сабырлылықты, көңіл-күйді көтеруді немесе белсенділікті арттыру мақсатында түстерді саналы түрде қолдану керектігі баса айтылды.

6-Мәселе

Топтық жоба дайындау және қорғау «Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту»

Тындалды: Топ тәрбиешілері

Мазмұны: Тәрбиешілер топтық жобалар дайындап, оларды қорғау барысында жаңа технологияларды пайдалану әдістерін ұсынды. Жоба барысында мектепке дейінгі балалардың креативті ойлауын дамытуға бағытталған түрлі әдістер қолданылды. Әрбір топ өздерінің жобаларын таныстырып, олардың мақсаты мен күтілетін нәтижелері туралы баяндады.

Педагогтер өз жобаларында STEAM-технологияларын, ойын арқылы оқыту әдістерін, интерактивті құралдарды, мультимедиялық материалдарды қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдарын көрсетті. Әсіресе, ойын технологиялары, театрландырылған іс-әрекеттер, сенсорлық дамытушы құралдарды пайдалану бойынша ұсыныстар жасалды. Педагогтердің

Г.Амирова

№2 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІНІҢ ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері! №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау жүргізілді. Бақылау нәтижесінде жоспарланған жұмыстардың толық көлемде жүзеге асырылғаны анықталды.

1. Ересек топты кешенді бақылау қорытындысы бойынша

Ересек топта жүргізілген кешенді бақылау нәтижесінде берілген ұсыныстар негізінде тәрбие-білім беру процесін жетілдіру жұмыстары жүргізілді. Тәрбиеші балалардың танымдық, коммуникативтік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жұмыстарды жүйелі ұйымдастырды. Дамытушы орта толықтырылып, ұлттық құндылықтарға негізделген көрнекіліктер мен дидактикалық материалдар жаңартылды. Балалардың байланыстырып сөйлеу, зерттеушілік және шығармашылық әрекеттерін дамытуға арналған жұмыстар тұрақты жүргізілді.

2. Балалардың өмірі мен денсаулығы туралы талдау бойынша

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытындағы жұмыстар жоспарға сәйкес жүргізілді. Балалардың балабақшаға бейімделу кезеңі тұрақты бақылауда болды. Тәрбиешілер, педагог-психолог және ата-аналар арасында тығыз байланыс орнатылып, бейімделу жұмыстары жүйелі жүргізілді. Аурушандықтың алдын алу мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптар сақталып, профилактикалық жұмыстар ұйымдастырылды.

3. Шынықтыру шараларының ұйымдастырылуы бойынша

Шынықтыру шаралары күнделікті жоспарға сәйкес жүргізілді. Атап айтқанда: таңғы жаттығулар, сергіту сәттері, тыныс алу жаттығулары, қимылды ойындар, таза ауадағы серуендер, денсаулық минуттары өткізілді. Жүргізілген жұмыстар балалардың қозғалыс белсенділігін арттыруға және денсаулықтарын нығайтуға оң әсер етті.

4. Ата-аналар сауалнамасының қорытындысы бойынша

«Отбасында және балабақшада денсаулық сақтау» тақырыбындағы сауалнама нәтижесінде берілген ұсыныстар ескеріліп, ата-аналармен жұмыс күшейтілді. Ата-аналарға: кеңестер, жадынамалар, жеке әңгімелер, денсаулық сақтау бойынша ақпараттық материалдар ұсынылды. Отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайып, ата-аналардың балабақша жұмысына қатысу белсенділігі артты.

5. Тақырыптық бақылау қорытындысы бойынша

«Мектеп жасына дейінгі балалармен салауатты өмір салтын ұйымдастырудағы педагогтар қызметі» тақырыбындағы бақылау барысында берілген ұсыныстар педагогтердің жұмыс тәжірибесіне енгізілді. Педагогтер: денсаулық сақтау технологияларын, қимылды ойындарды, ұлттық ойындарды, қауіпсіздік дағдыларын қалыптастыру әдістерін тиімді қолданды. Балаларда салауатты өмір салты туралы түсініктер қалыптасып, дене белсенділігі артты.

6. «Спорттық-педагогикалық микрофон» іскерлік ойыны бойынша

Іскерлік ойын барысында алынған тәжірибе мен ұсыныстар педагогтердің күнделікті жұмысында қолданылды. Педагогтер арасында тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізіліп, денсаулық сақтау технологияларын тиімді пайдалану

бағытында әдістемелік көмек көрсетілді. Нәтижесінде педагогтердің кәсіби белсенділігі мен тәжірибе алмасу деңгейі артты.

7. Педагогтарға берілген кеңес бойынша

«Мектеп жасына дейінгі балалардың дене дамуын оңтайландыру мақсатындағы педагогтардың өзара әрекеттестігі» тақырыбындағы кеңесте берілген ұсыныстар негізінде тәрбиешілер мен мамандардың бірлескен жұмысы жетілдірілді. Дене шынықтыру нұсқаушысы, музыка жетекшісі, педагог-психолог және тәрбиешілер балалардың денсаулығын нығайту бағытында бірлескен жұмыстар ұйымдастырды.

Қорытынды: №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдер толық орындалды. Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде:

- балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстары жүйелендірілді;
- шынықтыру шараларының тиімділігі артты;
- педагогтердің денсаулық сақтау технологияларын қолдану деңгейі көтерілді;
- ата-аналармен ынтымақтастық нығайды;
- балалардың қозғалыс белсенділігі мен салауатты өмір салты туралы түсініктері қалыптасты.

Қорытынды баға: №2 педагогикалық кеңес шешімдері толық көлемде орындалды.

Есеп беруші: Әдіскер Едильбаева Б.А.

ТОПТАРДАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЛАБАҚШАҒА ҚАТЫСУЫ ЖӘНЕ ДЕНСАУЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН АНЫҚТАУ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҚЫЛАУ

Бақылаудың мақсаты: Тәрбиеленушілердің балабақшаға қатысу көрсеткіштерін, аурушандық деңгейін, денсаулық жағдайын анықтау және денсаулық сақтау жұмыстарының тиімділігін талдау.

Топтар бойынша қатысу көрсеткіштерінің мониторингі

Мониторинг нәтижесінде мектепалды топ тәрбиеленушілерінің қатысу көрсеткіші жоғары екендігі анықталды. Ортаңғы топта бейімделу кезеңіне байланысты қатысу көрсеткіші салыстырмалы түрде төмен болды.

Балалардың денсаулық жағдайының салыстырмалы көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Ортаңғы топ	Ересек топ	Мектепалды топ
Суық тию жағдайлары	8	5	3
ЖРВИ жағдайлары	6	4	2
Ауру себептерімен келмеген күндер саны	32	21	14

Талдау нәтижесінде ортаңғы топтағы балалар арасында аурушандық көрсеткішінің жоғары болуы олардың жас ерекшеліктері мен балабақшаға бейімделу кезеңімен байланысты екендігі анықталды. Ересек және мектепалды топтарда аурушандық көрсеткіштері төмендеп, балалардың денсаулық жағдайы тұрақты болғаны байқалды.

Бейімделу кезеңін талдау: Кіші топ тәрбиеленушілерінің балабақша жағдайына бейімделуі тұрақты бақылауға алынды. Бақылау нәтижесінде:

- балалардың 70%-ы жеңіл деңгейде бейімделді;
- 30%-ы орташа деңгейде бейімделді;
- ауыр бейімделу жағдайлары анықталған жоқ.

Тәрбиешілер мен педагог-психологтың бірлескен жұмысының нәтижесінде балалар жаңа ортаға тез үйреніп, эмоционалдық жай-күйі тұрақтанды.

Шынықтыру шараларының нәтижесі:

Барлық топтарда: таңғы гимнастика, сергіту жаттығулары, тыныс алу жаттығулары, кимылды ойындар, таза ауадағы серуендер, денсаулық минуттары ұйымдастырылды.

Шынықтыру жұмыстарының нәтижесінде: балалардың қозғалыс белсенділігі артты, денсаулық көрсеткіштері тұрақтанды, аурушандық деңгейі төмендеді, балалардың салауатты өмір салты туралы түсініктері қалыптасты.

Қорытынды:

Жүргізілген салыстырмалы бақылау нәтижесінде:

- балалардың балабақшаға қатысу деңгейі қанағаттанарлық деп бағаланды;
- ересек топта қатысу көрсеткіші ең жоғары деңгейде болды;
- кіші топтағы бейімделу кезеңі сәтті өтті;
- шынықтыру және сауықтыру жұмыстары оң нәтиже көрсетті;
- денсаулық сақтау технологияларын жүйелі қолдану балалардың аурушандық деңгейінің төмендеуіне ықпал етті.

Жалпы алғанда, балабақшада балалардың өмірі мен денсаулығын сақтау бағытындағы жұмыстар тиімді ұйымдастырылған деп есептеледі.

БАЛАБАҚША ПЕДАГОГ КАДРЛАРЫНЫҢ ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЕСЕБІ

«Еркемай» бөбекжайы

2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығы бойынша

Жарты жылдық кезеңде бөбекжайда педагогикалық ұжымның қызметі жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. Педагог кадрлардың негізгі жұмысы тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасын арттыруға, тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасауға және педагогтердің кәсіби құзыреттілігін жетілдіруге бағытталды.

Педагогикалық ұжым туралы мәлімет

Балабақшада барлығы 10 педагог жұмыс атқарды:

- Меңгерушісі – 1
- Әдіскер – 1
- Тәрбиешілер – 7
- Қазақ тілі мұғалімі – 1
- Психолог - 1

Әдістемелік жұмыс

Жарты жылдықта педагогтердің кәсіби шеберлігін арттыру мақсатында:

- педагогикалық кеңестер өткізілді
- № 1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Мектепке дейінгі ұйымның жаңа оқу жылына дайындығы»
- № 2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Денсаулық сақтау технологиясын қолдану тиімділігін арттыра отырып, балалардың денсаулығын сақтауға және нығайтуға, салауатты өмір салтын ұйымдастыруға ықпал ету»
- 1, 2 әдістемелік кеңестер ұйымдастырылды;
- өзара ұйымдастырылған іс-әрекеттерге қатысу жұмыстары жүргізілді;
- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер көрсетілді;
- консультациялар берілді;
- тәжірибе алмасу жұмыстары өткізілді.

Педагогтер мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандарты, үлгілік оқу бағдарламасы және әдістемелік нұсқау хат талаптарын басшылыққа ала отырып жұмыс жүргізді.

Топтар бойынша жұмыс нәтижелері

Бөбекжайда: «Жұлдызай» кіші тобы, «Қошақан» ортаңғы тобы, «Еркежан» ересек, «Ботақан» мектепалды топ жұмыс жасады. Барлық топтарда перспективалық жоспарлар мен циклограммалар уақытылы әзірленіп, оқу-тәрбие жұмыстары жүйелі жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы орта ұйымдастырылып, қажетті көрнекілік және дидактикалық материалдармен толықтырылды.

Балалардың даму мониторингі

Жарты жылдық мониторинг нәтижесінде тәрбиеленушілердің білім, білік және дағдыларының қалыптасу деңгейі оң көрсеткіш көрсетті.

Даму деңгейі Үлес салмағы

Жоғары	87%
Орта	13%
Төмен	0%

Балалардың коммуникативтік, танымдық, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларында оң өзгерістер байқалды.

Денсаулық сақтау жұмыстары

Педагогтер балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізді. Өткізілген жұмыстар: таңғы гимнастика, сергіту сәттері, қимылды ойындар, шынықтыру шаралары, таза ауадағы серуендер, қауіпсіздік сабақтары. Нәтижесінде балалардың қозғалыс белсенділігі артып, аурушандық көрсеткіштері төмендеді.

Ата-аналармен жұмыс

Ата-аналармен тиімді байланыс орнату мақсатында: ата-аналар жиналыстары, жеке кеңестер, сауалнамалар, ашық есік күндері, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырылды. Ата-аналардың балабақша жұмысына қатысу белсенділігі жоғары болды.

Аттестаттау жұмыстары

Жарты жылдықта аттестаттаудан өтетін педагогтермен жоспарлы жұмыстар жүргізілді: портфолиоар жинақталды, құжаттар рәсімделді, әдістемелік көмек көрсетілді, консультациялар өткізілді.

Тәрбиеші Еркінова Ботагоз Саматқызы 2024–2025 оқу жылында өзіндік білім көтеру жоспары бойынша «Ойын арқылы балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту» тақырыбында жұмыс жүргізілді. Мақсатым – ойын технологиялары арқылы балалардың ойлау, есте сақтау, зейін қою, сөйлеу және шығармашылық қабілеттерін дамыту. Жыл бойы ұйымдастырылған оқу қызметінде балалардың жас ерекшеліктеріне сай дидактикалық, сюжеттік-рөлдік, қимылды және ұлттық ойындар кеңінен қолданылды. Ойын барысында балалардың қызығушылығы артып, белсенділігі жоғарылады. Жұмыс барысында: танымдық ойындар; саусақ ойындары; логикалық тапсырмалар; құрастырмалы ойындар; сөздік ойындар қолданылды. Балалар ойын арқылы түстерді, пішіндерді, сандарды ажыратуды, салыстыруды, есте сақтауды және өз ойларын еркін жеткізуді үйренді. Сонымен қатар ұжыммен жұмыс жасауға, бір-бірімен қарым-қатынас жасауға дағдыланды.

Тәрбиеші Капсанатова Айда Канатовна өзіндік білім көтеру барысында педагогикалық әдебиеттер оқылып, жаңа әдіс-тәсілдер тәжірибеде қолданылды. Ойын технологияларын тиімді пайдалану балалардың танымдық қабілеттерін дамытуда жақсы нәтиже көрсетті. Алдағы уақытта, ойын технологияларын оқу қызметінде жүйелі түрде жалғастырамын. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай жаңа дидактикалық және дамытушы ойын түрлерін енгізіп, танымдық қабілеттерін одан әрі дамыту жұмыстарын жүргіземін.

Шамилова Айымгул Батырбекқызы жоспар бойынша байқауларға балаларды қатыстырды. Ата-аналарға арналған ашық есік күні ортаңғы тобында әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағытында «Құстар біздің досымыз», физикалық дағдыдан «Көнілді эстафета» ашық кіріктірілген ұйымдастырылған іс әрекет, «Шөжелер серуені» тақырыбында танымдық және әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру бағытында өткіздім.

Сонымен қатар, жас суретшілерге арналған «Бояулар құпиясы» «Ғарышқа саяхат» тақырыбында өткен конкурсқа қатыстым.

Тәрбиеші Абузарова Римма Мансуровна 2024-2025 оқу жылына өз білімімді жетілдіру мақсатында жұмыстандым. Жұмыс барысым жоспарға сай құрылып, жоспар бағытын ұстанып, жарыстарға қатысып, басылымдарға жазылдым. Тақырыбым «Сюжетті-рөлдік ойындардың бала тәрбиесіне ықпалы»
Мақсаты: балалардың танымдық, шығармашылық және қимыл-қозғалыс қабілеттерін арттыру мақсатында сюжеттік ойындарды заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдермен ықпалдастыра қолдану арқылы тәрбие мен оқыту үдерісінің тиімділігін арттыру. Міндеттері: Ұлттық ойындардың тәрбиелік және дамытушылық маңызын зерттеу. Заманауи педагогикалық технологияларды тәжірибеде қолдану жолдарын меңгерту. Ұлттық ойындарды оқу іс-әрекеттерінде және тәрбие сағаттарында тиімді пайдалану әдістемесін жетілдіру. Балалардың қабілеттерін (зейін, есте сақтау, тілдік, логикалық, қозғалыс, шығармашылық) дамытуға бағытталған жұмыстар жүйесін құру. Осы мақсат-міндеттеріме сүйене отырып:

Жетістіктер: Жарты жылдықта педагогтер: әдістемелік іс-шараларға қатысты, тәжірибе алмасты, заманауи технологияларды қолданды, тәрбиеленушілердің жетістіктерін арттыруға үлес қосты.

Қорытынды: 2024–2025 оқу жылының I жартыжылдығында педагогикалық ұжым жоспарланған жұмыстарды толық көлемде орындады. Педагогтердің кәсіби белсенділігі артып, тәрбиелеу-білім беру процесінің сапасы жақсарды. Балалардың даму көрсеткіштері оң нәтиже көрсетіп, ата-аналармен ынтымақтастық нығая түсті. Жалпы педагог кадрлардың жарты жылдық жұмысы қанағаттанарлық деңгейде деп бағаланады.

Әдіскер Едильбаева Б.А.

«ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ АПТАЛЫҒЫ» БОЙЫНША ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

Мақсаты: Педагогтердің шығармашылық әлеуетін арттыру, кәсіби шеберлігін жетілдіру, инновациялық әдіс-тәсілдерді тәжірибеге енгізу және тәрбиеленушілердің шығармашылық қабілеттерін дамыту бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесін анықтау.

Өткізілу барысы: Жылдық жоспарға сәйкес бөбекжайда «Шығармашылық апталығы» ұйымдастырылды. Апталыққа барлық педагогтер белсенді қатысып, өздерінің кәсіби тәжірибелерін ортаға салды.

Апталық барысында:

- ашық ұйымдастырылған іс-әрекеттер өткізілді;
- шеберлік сағаттары ұйымдастырылды;
- көрме жұмыстары ұсынылды;
- дидактикалық және әдістемелік материалдар көрмесі өткізілді;
- тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді.

Педагогтердің жұмысына талдау: Тәрбиешілер оқу қызметінде ойын технологияларын, дамытушы тапсырмаларды, зерттеу және жобалау әдістерін тиімді қолданды.

«Ботақан» мектепалды тобы – Педагог балалардың оқу әрекетіне дайындығын қалыптастыруға бағытталған шығармашылық және танымдық тапсырмалар ұйымдастырды. Балалар өз ойларын жүйелі жеткізіп, тапсырмаларды өз бетінше орындауға белсенділік танытты.

«Еркежан» ересек тобы – Педагог балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында сурет салу, жапсыру және құрастыру әрекеттерін тиімді ұйымдастырды. Балалар өз қиялдарын еркін білдіріп, жұмыстарын қызығушылықпен орындады.

«Қошақан» ортаңғы тобы – Педагог балалардың ұсақ қол моторикасы мен шығармашылық қабілеттерін дамытуға арналған көркемдік әрекеттер ұйымдастырды. Балалар түрлі материалдармен жұмыс жасап, тапсырмаларды қызығушылықпен орындады.

«Жұлдыз-ай» кіші тобы – Педагог балалардың танымдық қызығушылығы мен шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында түрлі ойын және көркемдік әрекеттер ұйымдастырды. Балалар тапсырмаларды ынтамен орындап, өз жұмыстарын қуана таныстырды.

Мониторинг нәтижесі

Бағалау көрсеткіштері	Жоғары	Орта	Төмен
Ұйымдастырылған іс-әрекеттің сапасы	85%	15%	0%
Инновациялық технологияларды қолдану	80%	20%	0%
Балалардың шығармашылық белсенділігі	90%	10%	0%
Көрнекілік және әдістемелік материалдарды пайдалану	95%	5%	0%
Педагогтердің тәжірибе алмасу белсенділігі	88%	12%	0%

Жетістіктер

Апталық барысында педагогтер:

- шығармашылық жұмыс тәжірибелерін көрсетті;
- жаңа педагогикалық технологияларды қолданды;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда тиімді әдістерді пайдаланды;
- өзара тәжірибе алмасты;
- әдістемелік қорларын толықтырды.

Балалар шығармашылық жұмыстарға белсенді қатысып, сурет салу, мүсіндеу, құрастыру және көркем еңбек әрекеттерінде жақсы нәтижелер көрсетті.

Анықталған мәселелер

- Кейбір педагогтерге цифрлық білім беру ресурстарын қолдану бойынша әдістемелік қолдау қажет;
- Шығармашылық жұмыстарға арналған табиғи және қалдық материалдар қорын толықтыру ұсынылады.

Қорытынды: «Шығармашылық апталығы» өз мақсатына жетті. Апталық барысында педагогтердің кәсіби шеберлігі мен шығармашылық белсенділігі жоғары деңгейде көрінді. Педагогтер заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға қолайлы жағдай жасады. Өзара тәжірибе алмасу нәтижесінде педагогтердің кәсіби құзыреттілігі артып, әдістемелік қорлары толықтырылды. Жалпы апталық жұмысының нәтижесі жақсы деңгейде деп бағаланады.

Әдіскер:

Едильбаева Б.А.

ТРЕНИНГ: «БОЯУЛАРДЫҢ АДАМ САНАСЫНА ӘСЕРІ»

Мақсаты: Педагогтердің эмоционалдық көңіл-күйін көтеру, түстердің психологиялық әсері туралы түсініктерін кеңейту, өзін-өзі тану мен жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру.

Қатысушылар: Педагогтер

Уақыты: 10 минут

Қажетті құралдар: Түрлі түсті қағаздар немесе карточкалар (қызыл, сары, көк, жасыл, қызғылт сары, күлгін, ақ). «Құрметті әріптестер! Әр түстің адамның көңіл-күйіне, мінезіне және жұмыс қабілетіне әсері бар. Бүгінгі қысқа тренинг барысында түстер әлеміне саяхат жасап, өз көңіл-күйімізді анықтап көрейік.»

«Өзіңнің түсінді таңда» жаттығуы

Қатысушыларға түрлі түсті карточкалар ұсынылады.

Нұсқаулық: «Қазір сіздерге бірнеше түстер ұсынылады. Ұзақ ойланбай, дәл қазіргі көңіл-күйіңізге жақын түсті таңдаңыз.»

Түстердің мағынасы:

- ☐ **Қызыл түс** – белсенділік, батылдық, көшбасшылық.
- ☐ **Сары түс** – қуаныш, шығармашылық, оптимизм.
- ☐ **Көк түс** – сабырлылық, сенімділік, тұрақтылық.
- ☐ **Жасыл түс** – үйлесімділік, тыныштық, мейірімділік.
- ☐ **Қызғылт сары түс** – қарым-қатынасқа ашықтық, жігерлілік.
- ☐ **Күлгін түс** – қиял, шығармашылық ойлау, интуиция.

Ақ түс – тазалық, жаңашылдық, шынайылық.

Қатысушылар өз таңдауларын қысқаша түсіндіреді.

«Түстер сөйлейді» жаттығуы

Жүргізуші сұрақ қояды: Сіздің жұмысыңызға қандай түс сәйкес келеді?

Балаларға қандай түстер көбірек ұнайды деп ойлайсыз? Топ бөлмесінде қандай түстер балалардың көңіл-күйіне жағымды әсер етеді?

Педагогтер өз пікірлерімен бөліседі.

Қорытынды: «Жылы түстер (қызыл, сары, қызғылт сары) белсенділік пен қуаныш сыйлайды. Суық түстер (көк, жасыл) тыныштандырады. Сондықтан балабақша ортасын ұйымдастыруда түстердің психологиялық әсерін ескерген жөн»

«Көңіл-күй палитрасы» жаттығуы

Жүргізуші: «Егер бүгінгі көңіл-күйіңізді бір түспен бейнелесеңіз, ол қандай түс болар еді?» Әр қатысушы өз таңдауын айтып шығады.

Қорытынды: «Бояулар біздің өміріміздің ажырамас бөлігі. Олар көңіл-күйімізге, жұмысқа деген ынтамызға және қарым-қатынасымызға әсер етеді. Сондықтан күнделікті өмірде де, балалармен жұмыс барысында да түстердің мүмкіндігін тиімді пайдалана білейік»

Рефлексия: «Бүгінгі тренингтен өзіңізге қандай әсер алдыңыз?»

Қатысушылар бір сөзбен жауап береді: «Қуаныш», «Шабыт», «Жағымды көңіл-күй», «Сенімділік», «Жылулық», «Шығармашылық» және т.б. Тренинг аяқталды.

Тәрбиеші:

Абузарова Римма Мансуровна

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ПРАКТИКАЛЫҚ БӨЛІМІ

Топтық жоба құру және қорғау

Тақырыбы: «Жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылығын дамыту»

Мақсаты: Педагогтердің жобалау қызметін жетілдіру, жаңа технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған жобаларды әзірлеу.

Тапсырма: Әр топ мектепке дейінгі ұйымда болашақта жүзеге асырылатын шығармашылық жобаны әзірлеп, қорғауы қажет. Жоба нақты, қолжетімді және оқу жылы ішінде іске асыруға болатын болуы тиіс.

Жобаны қорғау

Әр топқа: жобаны дайындау – 15 минут;

қорғау – 5 минут.

Бағалау критерийлері

Критерий	Ұпай
Жобаның өзектілігі	5

Мақсат пен міндеттердің нақтылығы 5

Инновациялық идея 5

Іске асыру мүмкіндігі 5

Қорғау шеберлігі 5

Жалпы ұпай: 25 балл

Қорытынды: Ең үздік жобалар балабақшаның жылдық жоспарына енгізіліп, келесі оқу кезеңінде тәжірибеге енгізу ұсынылады.

1-ТОПТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ

Жоба тақырыбы: «Сиқырлы бояулар әлемі»

Мақсаты: Балалардың шығармашылық қабілеттерін дәстүрден тыс сурет салу технологиялары арқылы дамыту.

Міндеттері: балалардың қиялын дамыту, түстерді ажырата білуге үйрету, эстетикалық талғамын қалыптастыру.

Қолданылатын технологиялар:

- саусақпен сурет салу;
- алақанмен сурет салу;
- үрлеу техникасы;
- монотипия әдісі.

Жоба кезеңдері:

Дайындық кезеңі

- қажетті материалдарды жинақтау;
- шығармашылық бұрыш ұйымдастыру.

Негізгі кезең

- дәстүрден тыс сурет салу жұмыстарын өткізу;
- балалардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастыру.

Қорытынды кезең

- «Сиқырлы бояулар» көрмесін өткізу.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың шығармашылық белсенділігі артып, түстерді үйлестіру дағдылары қалыптасады.

2-ТОПТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ

Жоба тақырыбы: «Кішкентай өнертапқыштар»

Мақсаты: STEM технологиясы арқылы балалардың зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- тәжірибе жасауға қызығушылық қалыптастыру;
- логикалық ойлауды дамыту;
- мәселені шешу дағдыларын жетілдіру.

Қолданылатын технологиялар:

- STEM элементтері;
- зерттеу технологиясы;
- құрастыру әрекеті.

Жоба кезеңдері:

Дайындық кезеңі

- тәжірибеге қажетті құралдарды дайындау;
- зерттеу орталығын жабдықтау.

Негізгі кезең

- қарапайым тәжірибелер жүргізу;
- конструкторлармен жұмыс;
- шағын зерттеу жобаларын ұйымдастыру.

Қорытынды кезең

- «Менің алғашқы өнертабысым» көрмесін өткізу.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың зерттеушілік қызығушылығы артып, шығармашылық ойлау қабілеті дамиды.

3-ТОПТЫҢ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖОСПАРЫ

Жоба тақырыбы: «Цифрлық шығармашылық әлемі»

Мақсаты: Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері:

- цифрлық құралдарды тануға үйрету;
- шығармашылық тапсырмалар орындау;
- танымдық белсенділікті арттыру.

Қолданылатын технологиялар:

- интерактивті ойындар;
- Bilim Kids платформасы;
- мультимедиялық презентациялар;
- QR тапсырмалар.

Жоба кезеңдері:

Дайындық кезеңі

- цифрлық ресурстарды дайындау;
- қажетті техникаларды әзірлеу.

Негізгі кезең

- интерактивті ойындар өткізу;
- шығармашылық цифрлық тапсырмалар орындау;
- мультимедиялық жұмыстар ұйымдастыру.

Қорытынды кезең

- «Цифрлық балапан» шығармашылық фестивалін өткізу.

Күтілетін нәтиже:

Балалардың ақпараттық сауаттылығы мен шығармашылық белсенділігі артып, жаңа технологияларды қолдану дағдылары қалыптасады.

Қорытынды: Үш топ өз жобаларын қорғау барысында балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуда жаңа технологияларды қолданудың тиімді жолдарын ұсынды. «Сиқырлы бояулар әлемі» жобасы дәстүрден тыс сурет салу әдістері арқылы шығармашылық белсенділікті арттыруға бағытталса, «Кішкентай өнертапқыштар» жобасы STEM технологиясы негізінде балалардың зерттеушілік және танымдық қабілеттерін дамытуға негізделді. Ал «Цифрлық шығармашылық әлемі» жобасында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы балалардың қызығушылығы мен шығармашылық мүмкіндіктерін кеңейту көзделді. Жобаларды талдау барысында олардың өзектілігі, тәжірибелік маңыздылығы және жүзеге асыру мүмкіндігі жоғары деңгейде екендігі анықталды. Педагогикалық кеңес шешімімен

ұсынылған жобаларды оқу-тәрбие процесіне енгізу, перспективалық жоспарларға қосу және олардың орындалу нәтижелерін келесі педагогикалық кеңесте қарастыру ұсынылды.

Әдіскер Едильбаева Б.А.